


# АЛАШ және БІЗ





**Алаш арыстары мынадай  
алты мәселені ұлттың  
ұстанымы етті:**

**ҚАЗАҚ**

**1. «Бай, кедей, орта деген  
секілді таптық бөлінушілік  
болмасын»;**

**2. «Жерді сатуға  
мүлде болмайды»;**

**3. «Жердің асты мен  
үстіндегі байлық  
қазақтың төл меншігі  
ретінде саналады»;**

**Ә.Бөкейханның**

**«Қазак жерінің әрбір**

**түйір тасы қазақтың**

**өңіріне түйме болып**

**қадалуы керек» дегені**

**осыған дәлел.**

**4. «Бір тоқтының жүнінен бір жапырақ тоқылатын болса, ол ең алдымен қазақтың үстінен табылуы қажет»;**

**5. «Қазақ тілі  
мемлекеттік тіл  
болсын»;**



**6. «Мемлекет құруда  
ұлттық салт-дәстүрді  
сақтай отырып дамыған  
Жапония елінің тәжірибесі  
қолданылсын».**

**Алаш партиясының  
қатарына қандай адамдар  
қабылданады деген пікірге  
байланысты «Қазақ»  
газетінің 1917 жылғы 253-  
інші санында:**

**«Партияның программасын жақтырып, жөн көрген программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» бағытынан таймайтын, өтірік айтпайтын, жақындық туысқа бүйрегі бұрмайтын, дүниеге қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі мүшелікке қабылданбайды».**